

**Спортшылар мен жаттықтырушыларға
өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу**

Мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру комитеті
Қызметті алушылар	жеке тұлғалар
Қызмет көрсету орны	1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ - ҚР бойынша экстерриториалды (Мемлекеттік корпорацияның кез-келген бөлімшесінде (ХҚКО)); 2) "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы
Қызметті көрсету мерзімдері	15 (он бес) жұмыс күні ішінде.
Қызмет құны	тегін
Құжаттар тізбесі	Мемлекеттік корпорацияға: спортшы үшін: 1) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат немесе көрсетілетін қызметті алушының өкілі (сенім білдірілген өкіл) жүгінген кезде - жеке тұлғаның (сенім білдірушінің) нотариуспен куәландырылған сенімхаты (сәйкестендіру үшін); 2) осы Стандарттың қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш; 3) дене шынықтыру және спорт саласында жиырма жыл еңбек өтілін растайтын еңбек кітапшасы, не төменде көрсетілген құжаттардың кез келгені: тоқтату күні мен оны тоқтатудың негізі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарты; еңбек шартын жасасу және (немесе) тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және (немесе) тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді көшірмелер; жұмыскерлерге жалақы төлеу ведомосынан үзінді көшірмелер; жұмыс беруші қол қойған және мөрімен (ол болған кезде) растаған қызметтік тізім (жұмыскердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі); жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтама; 4) Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпионы мен жүлдегері және (немесе) олимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем чемпионы атағын растайтын жарыстар хаттамасының көшірмесі; жаттықтырушы үшін: 1) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат немесе көрсетілетін қызметті алушының өкілі (сенім білдірілген өкіл) жүгінген кезде - жеке тұлғаның (сенім білдірушінің) нотариуспен куәландырылған сенімхаты (сәйкестендіру үшін); 2) осы Стандарттың қосымшасына сәйкес нысан бойынша

өтініш;

3) жаттықтырушылық жұмысының жиырма жыл еңбек өтілін растайтын еңбек кітапшасы, не төменде көрсетілген құжаттардың кез келгені:

тоқтату күні мен оны тоқтатудың негізі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарты;

еңбек шартын жасасу және (немесе) тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және (немесе) тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді көшірмелер;

жұмыскерлерге жалақы төлеу ведомосынан үзінді көшірмелер;

жұмыс беруші қол қойған және мөрімен (ол болған кезде) растаған қызметтік тізім (жұмыскердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);

жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтама;

4) Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпионы мен жүлдегері және (немесе) олимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем чемпионы атағын жеңіп алған спортшының шын мәнінде жаттықтырушысы болып табылатынын растайтын жұмыс орнынан (өтініш берген кезде жаттықтырушы болып жұмыс істемеген жағдайда - Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиада комитетінен немесе спорт түрі бойынша республикалық және (немесе) өңірлік аккредиттелген спорт федерациясынан) анықтама;

5) өзі жаттықтырған спортшының Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпионы мен жүлдегері және (немесе) олимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем чемпионы атағын растайтын жарыстар хаттамасының көшірмесі;

порталға:

спортшы үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;

2) электрондық құжат нысанындағы, дене шынықтыру және спорт саласында жиырма жыл еңбек өтілін растайтын еңбек кітапшасы, не төменде көрсетілген құжаттардың кез келгені:

электрондық құжат нысанындағы тоқтату күні мен оны тоқтатудың негізі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарты;

электрондық құжат нысанындағы еңбек шартын жасасу және (немесе) тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және (немесе) тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді көшірмелер;

электрондық құжат нысанындағы жұмыскерлерге жалақы төлеу ведомосынан үзінді көшірмелер;

электрондық құжат нысанындағы жұмыс беруші қол қойған және мөрімен (ол болған кезде) растаған қызметтік тізім (жұмыскердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);

электрондық құжат нысанындағы жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтама;

3) электрондық құжат нысанындағы Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпионы мен жүлдегері және (немесе) олимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем чемпионы атағын растайтын жарыстар хаттамасының көшірмесі;

жаттықтырушы үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;

2) электрондық құжат нысанындағы жаттықтырушылық жұмысының жиырма жыл еңбек өтілін растайтын еңбек кітапшасы, не төменде көрсетілген құжаттардың кез келгені: электрондық құжат нысанындағы тоқтату күні мен оны тоқтатудың негізі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарты;

электрондық құжат нысанындағы еңбек шартын жасасу және (немесе) тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және (немесе) тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді көшірмелер;

электрондық құжат нысанындағы жұмыскерлерге жалақы төлеу ведомосынан үзінді көшірмелер;

электрондық құжат нысанындағы жұмыс беруші қол қойған және мөрімен (ол болған кезде) растаған қызметтік тізім (жұмыскердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);

электрондық құжат нысанындағы жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтама;

3) электрондық құжат нысанындағы Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпионы мен жүлдегері және (немесе) олимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем чемпионы атағын жеңіп алған спортшының шын мәнінде жаттықтырушысы болып табылатынын растайтын жұмыс орнынан (өтініш берген кезде жаттықтырушы болып жұмыс істемеген жағдайда - Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиада комитетінен, немесе спорт түрі бойынша республикалық және (немесе) өңірлік аккредиттелген спорт федерациясынан) анықтама;

4) электрондық құжат нысанындағы өзі жаттықтырған спортшының Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпионы мен жүлдегері және (немесе) олимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем чемпионы атағын растайтын жарыстар хаттамасының көшірмесі.

Қызмет көрсету нәтижесі

Көрсетілетін қызметті алушыға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу туралы хабарлама немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Порталда - Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу үшін уәкілетті лауазымды тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған мемлекеттік қызмет нәтижесінің дайындығы туралы хабарлама. .

Мемлекеттік көрсетілетін

ҚЫЗМЕТ СТАНДАРТЫ

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020784>